

ISSN 1562-2959

“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University
“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University
“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University
“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University
“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University
“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University
“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University
“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University
“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University



“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University
“Тұран” университеті • Университет “Туран” • “Turan” University

«ТУРАН»

УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ЖАБАРШЫСЫ

• ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ • НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC JOURNAL • ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ • НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC JOURNAL • ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ •

ВЕСТНИК
УНИВЕРСИТЕТА

«ТУРАН»

Ғылыми журнал • Научный журнал • Scientific journal
Ғылыми журнал • Научный журнал • Scientific journal
Ғылыми журнал • Научный журнал • Scientific journal
Ғылыми журнал • Научный журнал • Scientific journal
Ғылыми журнал • Научный журнал • Scientific journal
Ғылыми журнал • Научный журнал • Scientific journal

Ғылыми журнал • Научный журнал • Scientific journal
Ғылыми журнал • Научный журнал • Scientific journal
Ғылыми журнал • Научный журнал • Scientific journal
Ғылыми журнал • Научный журнал • Scientific journal

№ 2 (70)
2016



Қазақстан Республикасының
білім және ғылым министрлігі

«ТУРАН»

УНИВЕРСИТЕТИНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Ғылыми журнал

ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА

«ТУРАН»

Научный журнал

№ 2 (70)

2016

Алматы

2 ТУРИЗМ: МИРОВОЙ ОПЫТ

| | |
|--|-----|
| <i>Вуколов В.Н.</i> Использование лошадей в горных трекингах..... | 148 |
| <i>Дабылтаева Н.Е., Намазбаева З.Е.</i> Искерлік туризмнің әлемдік нарықтағы орны және оның даму тенденциялары | 153 |
| <i>Дүйсембаев А.А., Муталиева Л.М., Жағыпарова А.О.</i> Отандық туристік индустрияның қалыптасуы мен дамуын зерттеу | 159 |
| <i>Темирова А.Б., Нурғалиева Ж.Е., Юсупова С.А.</i> Роль и значение франчайзинга в туристском бизнесе Казахстана | 165 |
| <i>Қабдулшарипова А.М., Қунафина Г.Т.</i> Шығыс Қазақстанда туристік кластерді қалыптастырудың мәселелері мен болашағы | 171 |
| <i>Смыкова М.Р., Рахимбекова Ж.С.</i> Влияние интеграционных процессов на маркетинговую деятельность гостиниц Казахстана | 177 |

3 ТРИБУНА МОЛОДОГО ИССЛЕДОВАТЕЛЯ

| | |
|--|-----|
| <i>Manuel Fernandez-Grela, Zhailauov E.</i> Spatial and structural heterogeneity of economy: nature, content and ways of overcoming | 184 |
| <i>Турекулова А.Н., Мухамбетова Л.К., Сатқанова Р.Г.</i> Особенности инвестирования в человеческий капитал | 192 |
| <i>Tazabekova A.</i> Small and medium business in Kazakhstan: analysis and prospects | 199 |
| <i>Егембердиева С.М., Кадырбергенова А.К.</i> Мұнай-химия өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету механизмін жетілдірудің негізгі бағыттары | 205 |
| <i>Молдакенова Е.К.</i> Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешеннің даму заңдылықтары | 213 |
| <i>Ыдырыс С.С., Құлбай Б.</i> Тоқыма кәсіпорнының инвестициялық тартымдылығын талдау әдістемесі | 220 |
| <i>Мухияева Д.М.</i> Қазақстандағы ұлттық инновациялық жүйесі қызметінің қаржылық аспектілері | 226 |
| <i>Оразалинова М.Н.</i> SWOT-анализ банковской системы Республики Казахстан..... | 234 |
| <i>Оразалинова М.С.</i> Қазақстанның шағын және орта бизнесті сауда саласындағы кәсіпорынның контроллинг жүйесін қалыптастыру тұжырымдамасы | 240 |
| <i>Жаптаева А.Ә.</i> Зейнетақы активтерін басқарудың шетелдік тәжірибесі..... | 245 |
| <i>Saktaganova G.</i> Interpersonal and organizational communication: effectiveness..... | 251 |

4 ОБРАЗОВАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ: МЕТОДОЛОГИЯ, ТЕОРИЯ, ТЕХНОЛОГИЯ

| | |
|---|-----|
| <i>Конопьянова Г.А., Байкенов Ж.Е.</i> Побудительные мотивы интеграции образования и бизнеса..... | 255 |
| <i>Шахметова Ш.Т.</i> Современные тенденции развития системы образования в Казахстане | 262 |
| <i>Kuryshzhan A.</i> Concerning applied use of linguistic developments for kazakh language | 266 |

5 ПРАВО: ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО, ПРАВОВОЙ МЕХАНИЗМ, ПРАВОВАЯ КУЛЬТУРА

| | |
|--|-----|
| <i>Жанузакова Л.Т.</i> Правовое регулирование оборота генетически модифицированной пищевой продукции в Республике Казахстан..... | 273 |
| <i>Амиров Н.К.</i> О влиянии выборов в Мажилис на будущее реформ в Республике Казахстан | 280 |

6 ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫЕ ДАТЫ И СОБЫТИЯ

| | |
|---|-----|
| <i>Кораблев В.А.</i> Слово о Великом Учителе..... | 285 |
|---|-----|

ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Бұл мақалада Қазақстандағы зейнетақы жүйесін қалыптастыруға негіз болған, сонымен бірге елімізде болған соңғы зейнетақы жүйесін жаңғыртуда зерттелген дамыған және дамушы елдердің зейнетақы активтерін басқару тәжірибесі зерттелген. Зейнетақы жүйесі құралдарын орнату үшін активтердің ең қолайлы түрі мемлекеттік және корпоративтік қойылған табыстармен акциялар мен облигациялар болып табылады. Келесі орында – инвестициялық қорлардың әр түрлі үлеске салу. Көптеген елдерде артықшылық ұзақ инвестициялық жобаларға салынатын құралдарға берілген. Ал басқа активтерге ақшалар, депозиттер, несиелер, қарыздар, жылжымайтын мүлік, сақтандыру келісім-шарттары мен тікелей инвестиция қорлары кіреді. Зейнетақы активтерінің құрылымы әр түрлі зейнетақы жүйелерінде әр түрлі. Акциялар мен облигациялар дамыған және дамушы елдерде де зейнетақы қорлар активтерінің үстемдік түрлері болып қала береді. Дамушы елдер облигацияларды қалайды, ал дамыған елдер – акция мен инвестициялық үлестерді. Дамыған елдерде дамушыларға қарағанда акцияларға көп қаражат инвестицияланады, ал облигацияларға – екі есе аз. Өтпелі экономикалық елдерде мемлекеттік және корпоративтік облигацияларға салу үлесі көбірек (49,9%) болып табылады. Дамушы елдерде депозит үлесі дамыған елдерге қарағанда екі есе жоғары, жылжымайтын мүлік бір сатыға төмен. Мұндай айырмашылық ұлттық шектеулермен және зейнетақы жоспарларының құрылымымен, негізінен – капитал нарығының дамуымен және ұлттық зейнетақы жүйелерінің инвестициялық мүмкіншілігімен түсіндіріледі.


Тірек сөздер: жинақтаушы зейнетақы жүйесі, инвестициялық портфель, инвестициялық стратегия, зейнетақы активтері, зейнетақы реформасы.

Нарықтық экономикаға көшкен өтпелі кезеңде біздің елге әлемдік тәжірибе зейнетақы реформасының екі: америкалық және чилилік моделін ұсынды. Америкалық модель ынтымақтастықты жүйені сақтай отырып, жалпы аймақтық деңгейде мемлекеттік жинақтаушы бағдарламасын және экономиканың нақты секторында ерікті жинақтаушы зейнетақы схемаларын құрудан тұрды. Қазақстан сияқты дамушы ел үшін бұл жол тиімсіз болды, себебі жұмыспен қамтылған халықтың басым көпшілігінің және экономикадағы көптеген кәсіпорындардың ерікті зейнетақы сақтандыруына жіберуге басы артық қаражаттары болмады. АҚШ-та зейнетақы активтерінің негізгі бөлігі орасан зор, әрі қарқынды дамыған қор нарығында жұмыс істейтін болғандықтан, олар қабылдайтын шешімдерде айтарлықтай дерлік тәуекелдік басым болды. Алайда, бұл тәуекелдердің ақталғандығы анық, олай болмаған жағдайда, ерікті жинақтаушы схемалары осыншалықты дамымаған болар еді.

Ал елімізде болған соңғы зейнетақы жүйесін жаңғыртуда Дания, Норвегия, Сингапур, Малайзия, Шығыс Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ірі зейнетақы қорларының қызметі жете зерттелді. Мемлекеттің белсенді қатысуы және жұмыспен қамту мәселелеріне ерекше көңіл бөлу скандинавиялық (Швеция, Дания, Норвегия) модельге сәйкес келеді. Сақтандырудың болуы және тікелей мемлекеттің, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің арасында әлеуметтік қамсыздандыру жауапкершілігінің теңдей бөлінуі консервативтік-корпоративтік (Германия, Франция, Италия) және либералды (АҚШ, Канада, Ұлыбритания) модельдерге сәйкес келеді. Әлеуметтік саясаттың экономикалық өсуіне тәуелді болуы Шығыс Азия моделінің (80 жылға дейінгі Жапония, Оңтүстік Корея) үлгісінде жүзеге асырылады.

Зейнетақы жүйесінің тиімді тетігін табу қиын, бірақ бірқатар ортақ процестерін анықтауға болады. Зерттеуге қазақстандық зейнетақы жүйесін қалыптастыруға негіз болған 18 ел іріктелініп алынды, яғни жинақтаушы зейнетақы жүйесінің кейбір элементтері алынған ЭЫДҰ енген елдер және кейбір ТМД елдері кіреді [1].

Әлемдік зейнетақы индустриясына тиесілі зейнетақы қорларының ғаламдық активтері 2013 жылдың соңына 31,98 трлн доллардан астам сомамен бағаланды. Кейбір ЭЫДҰ және бұрынғы ТМД елдерінің ЖІӨ-не қатысты зейнетақы активтерінің үлесін пайызбен сипаттайтын көрсеткіш 1-суретте берілген (б. 246).



■ ЖЗҚ активтері 01.01.2014 жылға ЭБДҰ және кейбір ТМД мемлекеттер үшін ЖІӨ пайызы ретінде берілген

Сурет 1 – Шетелдік зейнетақы активтері көлемінің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен

Ескертпе – Дереккөз: 2013 OECD-Pension Markets in Focus.

Басқа елдермен салыстырғанда, ғаламдық зейнетақы активтерін қалыптастыруға Дания – 3,2 трлн долл., Нидерланды – 2,6 трлн долл., Норвегия – 2,4 трлн долл., АҚШ 2,3 трлн долл. астам сомамен қатысты. Өзінің қаржылық көлемі жағынан зейнетақы активтерін тек дамыған елдердің банктік жүйелерімен ғана салыстыруға болады.

Шетелдік тәжірибеде көбінесе зейнетақы активтері: инфрақұрылымдық жобаларға, хедж қорының бағалы қағаздарына және акционерлік капиталға салынады [2].

Зейнетақы активтерін инфрақұрылым жобаларға салу (Латын Америка: Колумбия, Перу, Бразилия, Чили тәжірибесі). Зейнетақы жүйесі қаражаттарын инфрақұрылымдық жобаларға салу, 2000 жылдан бері Батыс елдердің зейнетақы активтері портфелінің үлесін бірнеше есеге көбейткен және қазіргі уақытта 400 млрд долл. шамасын құрайды. Зейнетақы қорлары тарапынан инфрақұрылымдық жобаларға салу қызығушылығының артуы, инвестицияға салудың ұзақтығымен, инфрақұрылымдық жобалардың құнсызданумен және бәсекелестіктен қорғалуымен, жобалық компаниялардың дефолт деңгейінің төмендігімен және олардың қор нарығымен корреляцияның төмендігімен түсіндіріледі.

Қазіргі уақытта Латын Америкасы зейнетақы қорларының инфрақұрылымдарға салатын инвестициялары елдің 0,8%-дан 3,5%-ға дейінгі ЖІӨ-ді құрайды. Бразилия мен Колумбия қорларының портфельдерінде мұндай активтер шамамен 20%-ды, Чили мен Перуде – 10%-ды құрайды.

Зейнетақы активтерін акционерлік капиталға инвестициялау. Көптеген елдерде зейнетақы қорлары ұлттық экономиканы ынталандырушы ірі инвестициялық институттарға айналып отыр. Тікелей инвестицияға салу, жинақталған зейнетақы қаражатын пайдалану бағыты ретінде зерттеу жүргізіліп отырған елдердің көпшілігінде қолданылады. Зейнетақы қорлары соңғы 20 жылда тікелей инвестицияларға өз қаражаттарының елеулі үлесін, орта есеппен әлем бойынша 6,7% немесе 115,9 млрд долл. салды. Жекешелендірілген зейнетақы қорларының акционерлік капиталындағы үлесі басымырақ болды. Мысалы, ол Ұлыбританияда – 34%, Ирландияда – 29%, АҚШ-та – 28%, және Данияда – 11% шамасында.

Зейнетақы активтерін хедж қорлардың бағалы қағаздарына инвестициялау. Зейнетақы активтерін хедж қорлардың көмегімен акцияға салуы негізгі бағыт деп есептелінеді. Қордың 10%-ы әр түрлі типтегі хедж қорларды тарту арқылы белсенді инвестициялық стратегияны пайдаланады. Еуропалық зейнетақы қорлары инвестициялаудың дәстүрлі құралдарына артықшылық береді. Зейнетақы активтерін инвестициялық үлеспұлға салынуына көп уақыт

болған жоқ, олардың зейнетақы портфеліндегі үлесі 0,5% шамасында, бірақ үдемелі қарқынмен өсіп отыр. Хедж қорлардың инвестициялық үлеспұлына салынымы зейнетақы қаражаттарын пайдалану бағыты ретінде көптеген дамыған және бірқатар дамушы елдерде қолданылады. Барлық америкалық, жапон және еуропалық зейнетақы қорларының басым көпшілігі өз қаражаттарын хедж қорлардың инвестициялық үлеспұлдарына салады, дегенмен оның портфелдегі үлесі 10%-дан аспайды.

Скандинавия елдерінің тәжірибесі. Зейнетақы жүйелерінің халықаралық индексіне қарасақ, әлемдегі ең үздік зейнетақы жүйесі Данияда екеніне көз жеткізуге болады. Келесі орындарда Нидерланды, Австралия, Швеция, Швейцария орналасқан. Қазіргі уақытта Данияның зейнетақы қорларында жинақталған сома елдің ЖІӨ-нің 190%-ын құрайды. Зейнетақы жүйесіне барлық еңбекшілер қатыса алатындай етіп құрылған, сонымен бірге Данияның 10 азаматының 8-і ерікті жинақтаушы қорға қатысады. Дания-салық деңгейі айтарлықтай жоғары ел. Бюджетке түсетін кіріс құрылымында кірістің шамамен жартысын жеке тұлғаларға салынатын табыс салығы құрайды. Портфельдің құны әр жылдың соңында сатқан немесе оны сатып алған кезде бағаланады. Листингке кірмейтін емес акциялардан түскен барлық табысқа 25% шамасында, ал акциялар портфелінің көлеміне сәйкес 40% шамасында салық салынады.

Норвегия тәжірибесі. Мұнай және газ өнеркәсібінен түсетін табыстар болашақ ұрпақтың игілігі үшін мемлекеттік зейнетақы қорында шоғырландырылған. Қор арқылы қаражаттар ұзақ мерзімді бағалы қағаздарға салынады, ол бүкіл әлемнің сенімді компаниялары үшін негізгі ресурс болып табылады.

Қор активтері бірінші кезекте Скандинавия елдерінің жылжымайтын мүлік нарығына салынады. 2020 жылаға қарай қорға 900 млрд долл. шоғырландыру жоспарланып отыр, бұл елдің ЖІӨ-нен түсетін табысының 170%-ын құрайды, Қазіргі таңда Норвегия үкіметі өзінің барлық табысының 1/3-нен астамын, мұнай мен табиғи газ өндіруге салынатын салық есебінен алады. Қорланымның жалпы сомасынан 4%-дан аспайтын мөлшерде ғана ЖЗҚ қаражатын жұмсауға рұқсат етіледі, яғни Қор капиталының өзін емес, тек инвестициялық табысын ғана жұмсайды. ЖЗҚ-ның инвестициялау стратегиясы салымдарды әртараптандыруға және тәуекелдерді төмендетуге негізделеді. Бірінші бағыт бойынша, Қор қаражатын ұлғайту үшін активтер тек шетелдерде, дамыған елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарына ғана салынады: 50–60% Еуропаға, 20–40% АҚШ-қа, 10–30% Азияға және мұхит елдеріне [3].

Оңтүстік-Шығыс Азия (Малайзия, Гонконг, Сингапур, Оңтүстік Корея) елдерінде зейнетақыға үкімет демеушілік көрсететін қалыпты стратегияны ұстаған, ұлттық жинақтаушы қорлары жұмысымен қамтамасыз етілген. Гонконг бұл өмір үшін ерекше болып табылады, себебі бұл елдің міндетті жинақтаушы қоры өкілетті жеке инвестициялық қорлардың ішінен азаматтарына өздерінің жеке зейнетақы жоспарын таңдауына рұқсат береді.

Малайзия мен Сингапурде үкімет жұмыс жасайтын халыққа контрибуциялық қор жасалатын жүйемен толықтай демеушілік жасайды. Бұл елдердің зейнетақы жүйесі, салымдардың жоғары деңгейіне қол жеткізіп, активтердің ірі көлемін шоғырландырған. Бұл қордың 36%-ы зейнетақыға, ипотекаға, сақтандырудың алуан түрлеріне (соның ішінде өмірді сақтандыру), білім беруге, түрлі активтерге инвестиция салуға арналған бес бағытта жұмыс істейді. Негізгі қордан алынған ақшаның бір бөлігі ипотекаға жіберіледі. Ипотекалық компания мемлекеттік баспананың жалғыз тапсырыс берушісі, жобалаушысы және құрылысшысы болып табылады. Қазір бұл халықтың 80%-ын баспанамен қамтамасыз етіп отыр.


Оңтүстік Кореяда ұлттық зейнетақы жүйесі толығымен қорландырылған, бірақ бекітілген төлемдер бойынша зейнетақы жоспарымен жұмыс істейді, сондықтан басқа Азия елдерінің қорланым деңгейіне жете қойған жоқ. Бұл елдерде қорларды басқару стратегиясы консервативті, себебі активтердің шамадан тыс көп бөлігі мемлекеттік бағалы қағаздарға шоғырландырылған. Оңтүстік Кореяда Ұлттық зейнетақы схемасы бойынша активтерінің үштен бір бөлігі тікелей мемлекеттік бағалы қарыздарға салынады, ал Сингапурдың орталық жинақтаушы қоры активтерінің көп үлесін нарықтық емес мемлекеттік бағалы қағаздарға салады. Азия елдерінің үкіметі жеке зейнетақы жоспарларына салық салуға жеңілдік беру сияқты шараларды қолдана отырып, жеке жинақтау жоспарларын ынталандыра бастады.

Жапония тәжірибесі. Жапония әлемдегі ірі зейнетақылық қаржы индустриясы болып табылатын, Мемлекеттік зейнетақы инвестициялық қорының реформасын бастады. Билік реформа

нәтижесінде біршама агрессивті инвестициялық саясатты жүргізіп, қорды барынша тәуекелді салымдарға салып, өте төмен табыс әкелетін мемлекеттік облигацияларға аз сенім артуды жоспарлап отыр.

2014 жылғы 01 қаңтарындағы жағдайы бойынша, қор инвестициясының 40%-ы Жапон компанияларының акцияларына, 51,2%-ы мемлекеттік облигацияларға, 2,1%-ы шетелдік облигацияларға, 3,7%-ы шетелдік акцияларға, ал 3%-ы қысқа мерзімді активтерге салынған. Қордың активтерінің жалпы көлемі 1,26 трлн долл. құрайды, бұл мысалы, Мексиканың ЖІӨ-нен көп. Білік, ертеректе экономиканың қарқынын арттыру үшін ұлттық экономиканы монетарлық және қазыналық ынталандыру бағдарламасын қолға алды [4].

2-суретте зерттелген бірқатар елдердің зейнетақы қорларының негізгі активтерін орналастыру (активтердің жалпы көлемінен) ерекшелігі көрсетілген.



Сурет 2– Зейнетақы қорларының активтерін орналастырудың 2014 жылғы жағдайы

Ескертпе – Дереккөз: Global Pension Asset Study 2014.

2-суретке сәйкес капиталдандыру жүйесі барынша тұрақтанған (АҚШ, Ұлыбритания, Жапония сияқты елдерде) және мемлекеттік зейнетақы міндеттемелерін қаржыландыруға аз шығындалатын елдерде, зейнетақы қорлары әдетте айтарлықтай тәуекелді инвестициялық саясатты және едәуір агрессивті портфельдік стратегияны ұсынды. Сонымен қатар, мысалы, АҚШ-та зейнетақы қорлары барлық корпорациялық облигациялардың 23,1%-ы мен барлық акциялардың шамамен 57,5%-ын иелене отырып, капитал нарығындағы негізгі инвестор болып табылады. Дегенмен, Польшада, сәйкесінше, шектеулерді зейнетақы активтері көлемінің 40%-ы құрады. Осыған ұқсас шектеулер Чехия, Венгрия және Ресей де бар. Корпорациялық облигацияларға келетін болсақ, әлемнің көптеген елдерінде оларды зейнетақы жоспарларында пайдалануға қатысты шектеулер жоқ [5].

Кейбір мемлекеттерде (Чили, Латвия) мультипортфельдер жүйесінің енгізілгендігін айта кеткен жөн. Бұл портфельдер қаржы құралдарының түрлері мен инвестициялық тәуекелдер деңгейі бойынша ерекшеленеді. Мультипортфельдер қаржы құралдарының (акцияның) пайыздық арақатынасы мен инвестициялық портфельдің түріне байланысты келесідей берілген: агрессивті (80%), қалыпты-агрессивті (60%), қалыпты (40%), қалыпты-консервативті (20%), консервативті (5%) [6].

Зейнетақы активтерін басқарудың шетелдік тәжірибесін зерттеу барысында оның мынадай айрықша ерекшеліктерін бөлін көрсетуге мүмкіндік берді:

- ♦ жинақтаушы зейнетқы қорларының икемді инвестициялық саясаты;
 - ♦ зейнетақы қорлары және басқарушы компаниялар қызметінің ашықтығы;
 - ♦ салымшылардың өздерінің инвестициялық процеске белсенді қатысуы;
 - ♦ инфрақұрылымдық жобаларға тікелей инвестиция салу мүмкіндігі (дамыған мемлекеттік жеке-әріптестік тетігі);
 - ♦ көлемді және бірқалыпты дамыған қор нарығы және инвестициялық құралдардың жеткілікті мөлшері;
 - ♦ жинақтаушы зейнетқы қорларының инвестициялық портфелін сауатты қалыптастыруы және әртараптандыруы;
 - ♦ зейнетақы активтерінің жоғары шоғырланымы, зейнетақы қорларының кеңейтілген ықпал ету аясы;
 - ♦ мультипортфельдік жүйеге (4-тен артық) бөлінуі.
- Мұның барлығы әрине дамыған қаржылық нарыққа тән екенін айта кеткен жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Глобальная пенсионная статистика: [//www//OECD Global Pension Statistics](http://www/OECD%20Global%20Pension%20Statistics).23.12.2014.
- 2 Алексеев Д., Коншин Д. Инвестирование пенсионных активов в странах ОЭСР // Пенсионные фонды и инвестиции. – 2004. – С. 77–80.
- 3 Особенности развития накопительной пенсионной системы. Данные по странам мира и выводы для Российской Федерации. Отделение ОЭСР по негосударственному пенсионному страхованию: [//www.napf.ru/files/77222](http://www.napf.ru/files/77222). 01.06.2013.
- 4 Бровинская М. В Сингапуре система пенсионного обеспечения названа самой социальной: [//finance.obozrevatel.com/analytcs-and-forecasts/htm](http://finance.obozrevatel.com/analytcs-and-forecasts/htm). 30.05.2012.
- 5 Inderst G. Pension Fund investment in Infrastructure, OECD Working Papers on Insurance and Private Pensions. – 2009. – № 32. – Р. 14.
- 6 Global Pension Asset Study. Towers Watson. электр. ресурсы: [//http://www.towerswatson.com/Global-Pensions-Asset-Study](http://www.towerswatson.com/Global-Pensions-Asset-Study) – 2014.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Global'naja pensionnaja statistika: [//www//OECD Global Pension Statistics](http://www/OECD%20Global%20Pension%20Statistics).23.12.2014.
- 2 Alekseev D., Konshin D. Investirovanie pensionnyh aktivov v stranah OJeRS // Pensionnye fondy i investicii. – 2004. – S. 77–80.
- 3 Osobennosti razvitija nakopitel'noj pensionnoj sistemy. Dannye po stranam mira i vyvody dlja Rossijskoj Federacii. Otdelenie OJeSR po negosudarstvennomu pensionnomu strahovaniju: [//www.napf.ru/files/77222](http://www.napf.ru/files/77222). 01.06.2013.
- 4 Brovinskaja M. V Singapore sistema pensionnogo obespechenija nazvana samoj social'noj: [//finance.obozrevatel.com/analytcs-and-forecasts/htm](http://finance.obozrevatel.com/analytcs-and-forecasts/htm). 30.05.2012.
- 5 Inderst G. Pension Fund investment in Infrastructure, OECD Working Papers on Insurance and Private Pensions. – 2009. – № 32. – R. 14.
- 6 Global Pension Asset Study. Towers Watson. jelektr. resurs: [//http://www.towerswatson.com/Global-Pensions-Asset-Study](http://www.towerswatson.com/Global-Pensions-Asset-Study) – 2014.

Резюме

В данной статье проведен анализ мирового опыта управления активами накопительного пенсионного фонда как развитых, так и развивающихся стран, который изучен при преобразованиях в Казахстане. Наиболее предпочтительным классом активов для размещения средств пенсионных систем являются вложения в акции и облигации с фиксированным доходом, в равной степени в государственные и корпоративные. На следующем месте – вложения в паи различных типов инвестиционных фондов. В большинстве стран предпочтение отдается инструментам с длительным горизонтом инвестирования. Другие активы включают деньги, депозиты, займы, недвижимость, страховые контракты и фонды прямых инвестиций. Структура вложений пенсионных средств в разных пенсионных системах различна. Акции и облигации остаются доминирующими классами активов пенсионных фондов как в развитых, так и в развивающихся странах. Развивающиеся

страны предпочитают облигации, в то время как развитые – акции и инвестиционные паи. В развитых странах в акции инвестируется больше средств, а в облигации – вдвое меньше, чем в развивающихся. Доля вложений в облигации – как государственные, так и корпоративные – является наибольшей (49,9%) в странах с переходной экономикой. Доля депозитов в развивающихся странах вдвое больше, в недвижимость инвестируется на порядок меньше, чем в развитых странах. Частично такое различие объясняется национальными ограничениями и структурой пенсионных планов, но в основном – развитием рынка капиталов и инвестиционными горизонтами национальных пенсионных систем.

Ключевые слова: накопительная пенсионная система, инвестиционный портфель, инвестиционная стратегия, пенсионные активы, пенсионная реформа.

Resume

In this article the analysis of international experience in managing assets of accumulative pension fund both in developed and developing countries is made. It was studied during the transformations in Kazakhstan. The most preferred class of assets for pension funds placement are investments into stocks and bonds with fixed income equally into state and corporate. Further investments into shares of various types of investment funds. In most countries, instruments with a long investment horizon are preferred. Other assets include cash, deposits, loans, real estate, insurance contracts and private equity funds. The structure of the investments of pension funds in the different pension systems varies. Stocks and bonds are the dominant class of pension fund assets, both in developed and developing countries. Developing countries prefer bonds, while developed ones shares and investment shares. In developed countries people invest more into stocks but less into bonds in comparison with developing countries. The share of investments into bonds – both state and corporate – is the largest (49,9%) in the countries with economies in transition. The share of deposits in developing countries is twice as much. The investments into real estate is much less than in developed countries. This difference explained by national restrictions and the structure of the pension plans, but mainly the development of capital market and investment horizons of national pension systems.

Key words: funded pension system, investment portfolio, investment strategy, pension assets, pension reform.

УВАЖАЕМЫЕ ПОДПИСЧИКИ!

Наш индекс: **75665**

Стоимость подписки на 3 месяца – **460 тенге**

Учредитель: университет «Туран»

г. Алматы, ул. Сатпаева, 16-18, 18а.

Тел.: 260-40-18, 260-70-00

Тел./факс: 8 (727)262-22-98

E-mail: mayab60@list.ru; m.zhuikova@turan-edu.kz

«ТУРАН» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Ғылыми журнал

№ 2 (70) 2016 ж.

ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА «ТУРАН»

Научный журнал

№ 2 (70) 2016 г.

Компьютерная верстка: Жуйкова М.А.

Дизайн обложки: Мерзляков Е.

Подписано к печати 14.06.2016 г.

Бумага офсетная № 1,62 x 84/16. Плотность 80 г/м².

Усл.печ.л. 36,5. Уч.изд.л. 38,0. Тираж 500 экз.

Заказ № 1297

Адрес редакции:

г. Алматы, ул. Сатпаева, 16-18, 18а, университет «Туран».

Оригинал-макет подготовлен редакционно-издательским
отделом университета «Туран».

г. Алматы, ул. Сатпаева, 16-18,18а.

Тел.: 260-70-00, 260-40-18.

Отпечатано в издательстве «Эверо».

г. Алматы, ул. Байтурсынова, 22, оф. 9. Тел.: 233-82-69, 233-83-43.